



31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Қазақстанның батыс өлкесіндегі азаттық күрестің белгісіз беттері жөнінде **3 бетте**



Сөз өнеріне жақын және поэзияны жаны сүйетін студенттеріміздің шығармашылығы **4-5 беттерде**



Студент болуға қашан да кеш емес! Расымен де солай ма? Бұл жөнінде **6 беттен** оқисыздар

АТЫРАУ UNIVERSITY

Университет

Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№3 (117)
Мамыр, 2022 жыл



«ҰСТАЗДЫҒ» АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІ ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Мамырдың 25-і күні Атырау университетінің жанындағы ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебінде салтанатты соңғы қоңырау шарасы болып өтті. Биыл мектепті 38 түлек бітіріп отыр. Оның ішінде сегіз оқушы «Алтын белгіге», екі оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. Атырау облысының барлық аудандары мен шалғай елді мекендеріндегі талапты ер балаларды қабылдайтын мектеп толықтай жатақханамен, балалар бес мезгіл тамақпен қамтылған.

Ашылғаннан бергі аз уақыт ішінде білім ұйымы көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, жалпы білім беретін республикалық олимпиаданың 3 кезеңіне (облыстық) 24 оқушы оқушы қатысып, 11 оқушы жүлдеді орындарды иеленсе, 4 оқушы республикалық олимпиадаға жолдама алып қатысқан.

Сонымен қатар, республикалық «Дарын» орталығы өткізген Мұқағали оқуларының облыстық кезеңінде, Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті бойында

республикалық олимпиадада жүлделі орын алған 11 «а» сынып оқушысы Бекзат Елеусінов топ жарып шығып, көзге ілінді.

«Жылдық жүз үздік ғылыми жобасы» республикалық байқауында 11 «б» сынып оқушысы Тасболат Әлішер 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ұйымдастырған «Халел Грант Куб» пікірсайыс турнирінде мектебіміздің 2 оқушысы Әлихан Кереев пен Аманжан Өтеғалиев 3 орын иеленіп, осы оқу орнында оқуға 30 пайыз жеңілдік алды.

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы Есенов Университетінің ұйымдастыруымен өткізілген республикалық дебат пікірсайыс турнирінде тағы да Әлихан Кереев «Үздік спикер» атағын алып, сол оқу орнында оқуға 100 пайыздық грант алды.

Сондай-ақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жастар саясаты департаменті мен

өзін өзі басқару құрылымы ұйымдастырған «Ұстаз-Форум-2022» жарысында «ұстаздықтар» спорт, дебат пікірталас, интеллектуалдық ойындар бойынша жүлделі орындарға ие болды.

«Ұстаз» мектебінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары бойынша терең білім береді, арнайы әдістемелермен ҰБТ-ға тегін дайындық, мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру, оқушыларға ұстаз болуға байланысты қосымша дағдыларды меңгерту, шет тілін меңгеру үшін тегін курстар ұйымдастырады, әр оқушының спорттың бірнеше түрімен айналысуына мүмкіндік жасалған. Біздің мақсатымыз – білім бәсекесіне төтеп бере алатын, санасы ашық, ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын бойына сіңірген, жаңашыл инновациялық өзгерістерге дайын тұлғаны қалыптастыру», – дейді мектеп директоры Сәнім Уапқызы.

РЕФЕРЕНДУМ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТҮСІНДІРІЛДІ



Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша 5 маусымға белгіленген республикалық референдумға санаулы күндер қалды. Осындай елдің қоғамдық-саяси өміріне үлкен ықпал етіп, бағытын айқындайтын маңызды шараға қатысып, өз үнімізді білдіріп, үлесімізді қосу – баршаға бірдей жауапкершілік пен міндет жүктеп отыр.

Осы орайда, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушы-ғалымдары мен студенттері Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешовпен, Қазақстан заңгерлер одағының Атырау облысы бойынша филиалының төрағасы Нұрасыл Мүбәракпен кездесті. Шараға, сондай-ақ, университеттің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов, Атырау қалалық мәслихатының депутаты Бибінұр Қорған қатысып, референдумға қатысты мәселелерді ортаға салып, талқылады.

Айта кетейік, Қазақстанда мұндай референдум 1995 жылдан бері өткізілмеген, биыл оған 27 жыл болып отыр. Бұған дейін парламент арқылы Конституцияға төрт рет өзгерту енгізілген, енді ауқымды өзгерістердің орын алуына байланысты референдум өзгертуге қажеттілік туындауда. Атап айтқанда, Ата заңымыздың 33 бабына, яғни үштен бір бөлігіне өзгеріс енгізіліп, «Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы аса маңызды шешім қабылданақ.

Жоғары оқу орны қабырғасында өткен жиында осы айтылған жайлардың ішінен, жерді, жер асты байлығын пайдалану, тегеурінді парламентке сүйенетін президенттік басқару үлгісін енгізу, Президент өкілеттілігінің бірқатар бөлігін парламентке беріп, Парламент құзырын кеңейту сынды көкейкесті мәселелер кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, конституциялық заңдарды алдымен Мәжілісте,

содан кейін Сенатта кезекпен қарап, Парламент палаталарының бірлескен отырысында қабылдау сынды өзгерістер де енгізілуі ықтимал.

Осындай және басқа да ұсыныстарды қолданыстағы нұсқаларымен салыстыра отырып түсіндіре өткен Мұрат Сақтайұлы бүгінгі күні өзекті болып тұрған жер проблемасына жете тоқталды. Қазіргі күні өңірлерде бос жатқан жер көп сияқты көрінгенмен, шын мәнінде оның басым бөлігі жекеменшікке өтіп кеткен. Бұл жағдай Атырау облысына да қатысты. Енді жердің асты-үстіндегі барлық байлық мемлекет меншігінен халық меншігіне өтіп, мемлекет халық атынан оны басқару құқығына ие болмақ.

Айта кетейік, оқу орнының ғалымдары мен студент жастары талқылауға белсене араласып, көкейлерінде жүрген сауалдарына алқалы жиыннан жауап ала білді.

«БІЛГЕНГЕ МАРЖАН» КІТАП ОҚУ САЙЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Атырауда тұңғыш рет мектеп оқушылары мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттері арасында 28 ақпан – 26 наурыз аралығында «Білгенге маржан» кітап оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайыста жазушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы бойынша сынға түскен 60 мектептің мыңнан астам оқушысының арасынан қаладағы №30 мектеп оқушысы Абдуррахман Мұратбекұлы, қыздар лицейінің оқушысы Фатима Бауыржанқызы және Ж.Досмұхамедов лицейінен Мансур Берекетұлы мен №35 мектеп оқушысы Нұржауған Бауыржанқызы жүлделі 1-3 орындарды иеленді. Бұдан бөлек, үздік деп бағаланған 30 оқушы алғыс хаттармен, бағалы және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Ал студенттер арасынан жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің студенттері алғашқы екі жүлделі орынды қатар иемденді. Факультетте химиялық талдау және сараптама мамандығы бойынша оқып жатқан 2 курс студенті Марта Махмиден 1 орын алып, 250 мың теңгенің



жүлдесін иеленсе, биология және ауылшаруашылығы мамандығының 2 курс студенті Ақбаян Қалым 2 орын мен 150 мың теңгеге қол жеткізді. Үшінші орын мен 100 мың теңге сыйақы алған Әсия Болатқызы – көптілді білім беру факультетінің «аударма ісі» мамандығы бойынша оқып жатқан студенті. Студенттер сайыс шарты бойынша ғылыми танымдық «Internet психологиясы» және «Төртінші индустриялық революция» кітаптарын оқып, білім-біліктерін ортаға салды.

–Кітап оқу – қай кезден де жақсы көретін ісім, сондықтан,

кітап байқауына қатысудан, әрине, еш қиналған жоқпын. Берілген ғылыми-танымдық туындылар да қабылдауға ауыр тиген жоқ. Кітаптың бір ғажабы, әр оқылған сайын жаңа қырынан таныла түседі. Мәселен, «Internet психологиясы» оқи отырып, ғаламтор тарихын ғана емес, оны беталды емес, мақсатты пайдалану керек екендігін, сонда ғана үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізуің керек екенін түсіндім, – дейді жеңімпаз Марта Махмиден. Ал ұтыс қаражатын ол ойында жүрген, әзірге жария етпей отырған стартап жобасын жүзеге асыруға жұмсамақ.



Университеттің ғылыми кітапхана қорына соңғы келіп түскен көркем әдебиеттер тізімі:

- Соқпақбаев Б. «Менің атым Қожа»
- Нұршайықов Ә. «Махаббат, қызық мол жылдар»
- Бек А. «Арпалыс». 1,2,3 том
- Әуезов М. «Көксерек»
- Момышұлы Б. «Ұшқан ұя»
- Чехов А.П. «Чинovníктің ажалы»
- Нұршайықов Ә. «Ақиқат пен аңыз»
- Мұртаза Ш. «Ай мен Айша»
- Соқпақбаев Б. «Балалық шаққа саяхат»
- Бөкей О. «Қар қызы»
- Қаржаубай Омарұлы «Әке»
- Булгаков М. «Ит жүрегі»
- Айтматов Ш. «Ақ кеме»
- Исабеков Д. «Сүйекші»
- Мұратбеков С. «Жабайы алма»



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

2022 жылдың 27-29 сәуірі аралығында Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында, Абай атындағы ҚазҰПУ ұйымдастыруымен педагогикалық мамандықтар студенттері арасында жаратылыстану пәндері бойынша ІІ халықаралық олимпиада өтті.

Бұл олимпиадада бас қосқан жоғары оқу орындарының студенттері өзара ашық түрде білімі мен ептілігі бойынша бақ сынасты. Жыл сайын өтетін олимпиаданың негізгі мақсаты – жастардың шығармашылығы мен ойлау дағдысын қалыптастыруға, сондай-ақ, жаратылыстану саласы бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандыру болатын. Олимпиадаға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдерінен он команда қатынасты. Жарысқа қатысушылардың жұмысы мен берген жауаптарын қазылар алқасы бағалады.

Жекелей және командалық сайыстағы олимпиада қорытындысы бойынша Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті бірінші, Мәскеу қалалық педагогикалық институты мен Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті екінші орынды иеленсе, үшінші орын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің студенттерінен құралған команда бұйырды. Бұл мақтаулы команда құрамы биология мамандығының 4-курс студенті Айкөркем Сәттібек, география және тарих мамандығының 3 курс студенті Дәурен Қуандықов және химия мамандығының 3 курс студенті Айдана Әлешовадан тұрады. Айта кетейік, топ жетекшісі – биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының аға оқытушысы Мөддір Махамбет те халықаралық олимпиаданың жеңімпазы атанды.

Барлық командалар диплом мен сертификаттармен марапатталды.

АЛУА СЕРІКҚЫЗЫ,
жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті биология мамандығының 4 курс студенті

ІЗГІ НИЕТКЕ – ИГІ КӨМЕК



Биылғы балалар жылына орай «Бізден көмек – Сізден ізгі ниет» атты волонтер студенттер жобасының кезекті жоспары бойынша облыстық тіл мүкестігі бар балаларға арналған №3 арнайы мектеп-интернаты оқушылар және ата-аналарымен Атырау университетінің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің волонтер студенттері арасында «Толағай» отбасылық спорттық сайысы өткізілді. Университетіміздің «Жайық» спорт кешенінде ұйымдастырылған сайысқа «Алаш», «Алғырлар» және «Жас сұңқарлар» топтары қатысып, 8 тур бағыты бойынша бағаланды. Жарысқа мектеп-интернаттың директоры Светлана Хасанова, факультет деканы Бақтыгүл Асанова және жастар саясаты орталығының жетекшісі Сайран Сейфуллин төрелік етті. Қызықты да тартысты өткен бәсекеде қатысушылардың жеңіске деген ұмтылыс-

жігері ойын алаңында айқын көрінді. Мектеп-интернаттан көрермен ретінде жетпіске жуық оқушылар мен мұғалімдер келді.

Сайыс қорытындысымен «Алаш» тобы 1 орын, «Алғырлар» тобы 2 орын және «Жас сұңқарлар тобы» 3 орынды иеленді. Жеңімпаздарға дипломдар мен университет логотипі бейнеленген блокнот, қаламдар сыйға берілді. Мектеп директоры Светлана Хасановна бұл тәрбиелік маңызы зор шараға баға бере келіп, отбасылық спорттық жарысты «Жайық» спорт кешенінде өткізуге мүмкіндік берген университет басшылығына және факультет ұжымы мен волонтер студенттерге ризашылығын білдірді.

ӘЙГЕРІМ САПАРОВА,
физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттік деканы, физик-зерттеуші мамандығының 2 курс студенті

ӘСКЕРИ ОҚУ-ЖИЫННАН ҮЙРЕНЕРІМІЗ МОЛ

Қазақстан қарулы күштерін күшейту және толықтыру мақсатында әскери оқу орындарының алатын орны ерекше. Ондағы болашақ әскери офицерлер үшін практикалық тәжірибенің маңызы басым. Осы тұрғыда сәуір айының басында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әскери кафедрасының 2 курс студенттері Көкарнаықшамауданында орналасқан Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан 5546 әскери бөлімінде оқу жиынын өткізді.

Оқу жиыны әскери кафедра бастығы, запартағы әділет подполковнигі Серік Абсамағовтың қолдауымен ұйымдастырылды. Жалпы практикалық шара әскери өмірдің қыр-сырына, күнделікті тыныс-тіршілігіне, әскери қызметтің жағдайы мен дағдыларына практикалық түрде танысу мақсатында ұйымдастырылды.

Әскери бөлімге арнайы отызға жуық студентті полковник Кенжебек Махмұтұлы, полковник Руслан Наурызбеков, капитан Жасұлан Чуишқалиев бастап барды. Курсанттарға ұлттық ұлан 5546 әскери бөлімінің тыл жөніндегі орынбасары, подполковник Ержан Жұмағалиев түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Аталған әскери бөлімде студенттерге сарбаздардың орналасқан жатын



жерлерін (казарма), тамақтану орындарын, жаттығу алаңдарын таныстырудан бастады. Ондағы әр сарбазға арналған қажетті киім-кешектері, қару жарақтары мен жатын орны, тиесілі тамақ мөлшері де қамтылды.

Әскери бөлімдердің тәрбиеші офицерлері әскери қызметшілердің әскери қызмет өкереу тәртібі және орындалатын оқу-жауынгерлік тапсырмалар туралы айтып берді. Оқу жаттығу кезінде әскери техникалардың, қару жарақтардың түрлері мен қолданылу қызметтері көрсетілді.

Сонымен қатар, курсанттар жасақтың кинологиялық қызмет жұмысымен танысты. Ұлттық ұлан әскери бөлімінің кинологиялық

қызметінде көзге түскен, қырағылық танытқан ақылды төбеттер жетерлік. Студенттер кинологтар үйреткен иттермен жүргізілетін ерекше жұмыстармен танысып, төртаяқты көмекшілердің ептілігіне көз жеткізіп, тәтті болды.

Әскери кафедра студенттері үшін практикалық оқу жиынды өткізуге жағдай жасаған Қазақстан Республикасының ұлттық ұлан 5546 әскери бөлімінің басшылығы мен жауынгерлеріне үлкен ризашылық сезімде болдық.

САЯБЕК ЕРҒАЛИЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 3 курс студенті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨЛКЕСІНДЕГІ АЗАТТЫҚ КҮРЕСТІҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІ

ҚР президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құрылып, ол өңірлік комиссиялар арқылы өзінің жұмысын бастаған болатын. Комиссиялардың басты міндеттерінің бірі – Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке күрескен адамдар мен топтарды толық ақтау үшін қажетті ұсыныстар дайындау болып табылады. Осы мәселені зерттеудің барысында төмендегі жайттар анықталып отыр. Қазан төңкерісінен кейін бүкіл республика бойынша және қазіргі Атырау облысының территориясында өмір сүрген халықтың әлеуметтік жағдайы өте төмен болды. Кеңес үкіметі жеңіске жеткеннен кейін бұрынғы Ресей империясының өзге де аймақтары сияқты Қазақстан да өкіметтің көптеген әлеуметтік-экономикалық тәжірибелер жасайтын сынақ алаңына айналған еді. Экономиканың табиғи даму заңдылықтарын есепке алмау және толассыз өкімішелеңдіру ауыл шаруашылығын мүлде мүшкіл халге түсіріп, жағдайды күрт шиеленістіріп жіберді. Әсіресе, мал шаруашылығының жағдайы өте ауыр ауыр күйге ұшырады. Малды біресе ақтар, біресе қызылдардың тартып алуы, соғыс жылдарындағы жағдай, табиғи жайылымның бұзылуынан туындаған жұт қазақ жұртшылығы күнкөрісінің басты көзі – мал шаруашылығының құлдырауына әкеліп соқты. 1914 жылдан 1922 жылдың аяғына дейін ірі қара мал саны 2,1 млн-ға, жылқы 2 млн-ға, уақ мал 6,5 млн-ға, түйе 300 мың басқа азайып кеткен. Жалпы алғанда осы жылдары барлық мал түрі 10,8 млн. басқа кеміген. Осындай қиын жағдайды ескермей, азамат соғысы жылдарында кеңес үкіметі тарапынан халық арасында жүргізген азық – түлік салығы саясатының кесірінен елде ашаршылық басталды. Тек қана 1921–1922 жылдары республикада толық емес мәліметтер бойынша 2 млн. 300 мың адам адам ашаршылыққа ұшырап, оның тең жартысы қаза болған.

Мемлекеттің күштеу саясаты батыс өлке халқының наразылығының артуына, жұртшылықтың бай-кедей демей ашық күреске шығуына алып келді. Күні кешеге дейін мектеп және жоғары оқу орындары оқулықтарында «бүлік», «бандитизм», «бандылар», «контрреволюционерлер ісі» деп жазылып келген тарихи оқиғаларды бүгінгі кезең тұрғысынан баға бере отырып, оларға қатысқан тұлғаларды жазықсыз жазаланған саяси қуғын-сүргін құрбандары ретінде ақтау қажет деп есептейміз.

Атырау облысының мемлекеттік архивінің №2 қорының №6 ісінде 1923 жылы азаматтарды сайлау құқынан айыру туралы мәліметтер сақталған. Сол «айырылғандардың» арасында Ембі облысының NN1, 2,4 ауылдарынан 40-тың үстінде адамның аты – жөні көрсетілген. Сайлау құқынан айыру себебі – бұлардың бәрі көтеріліске қатысқан. 1928 жылға дейін Ембі облысының Адай округіне қарағандығын ескерсек, бұл адамдар атақты Тобанияз Әланиязов тобы құрамында 1922 жылғы көтеріліске қатысқан болар деп топшылады.

Енді бір сәт, осы көтерілістің алдындағы Адай уезіндегі саяси-әлеуметтік ахуалға тоқталсақ: бұл өңірде 1920 жылдың 4 қазанында Бүкілқазақстандық Бірінші съездің шешімімен Маңғыстау уезі Адай уезі болып өзгертілді. Съезд Адай уезі ревкомының төрағасы етіп Тобанияз Әланиязовты, орынбасары етіп Сыдық Жұбаевты сайлады. Адай уезі ревкомының атқаратын міндеттері сан түрлі болды. Атқаратын жұмысына қарай, шаруашылық және саяси жағдайларға байланысты құрамы 3 адамнан 7 адамға дейін өсіп отырды. Уездік ревком 27 болыстық, 151 ауылдық ревком арқылы шаруашылық, ел басқару, ұйымдастыру, мәдени-ағарту, көпшілік тәрбие жұмыстарын жүргізді. Әрине, кеңес үкіметінің таптық саясаты, бұрыннан қалыптасқан өмір салтын қирату жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Бүкіл Маңғыстау өңірінде өзінің қара қылды қақ жарған әділдігімен, ел басқару ісінде жинақтаған бай тәжірибесімен халықтың арасында бұлжымас беделге ие болған Тобанияз Әланиязовтымен оның жақтастарына совет үкіметінің жергілікті жерде жүргізген саясаты ұнамады. Қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған жер мәселесі шешілген жоқ. Ауыз су мен жайылымдық жерлердің басым көпшілігі келімсектер мен казактарға бөлінген күйінде қалып қойды. Оның үстіне, большевиктер қазақтың ауқатты адамдарының жеке меншігіне қол сұға бастады. Ең бастысы – большевиктер қазақ халқының ғасырлар бойы берік қалыптасып, өзін мейлінше ақтаған ел басқарудың ұлттық дәстүрлерінен, шариғат пен адат үлгілерінен бас тартып, бүкілресейлік совет үкіметінің басқару түрлері мен мазмұнын жергілікті жерлерге күштеп таңды. Совет үкіметі Жергілікті басқару орындарындағы ұлттық кадрлардың қызметіне сенімсіздікпен қарады. 1921 жылғы 28 наурызда болған Қырғыз (Қазақ) облыстық бюро мәжілісі Адай-Маңғыстау уездік партия ұйымының жұмысына баға бере келіп, «партияға өткен 80 адамның 50-і қажетсіз элементтер, ал таптық жіктеліс жүргізілген жоқ. Жастармен ешкім жұмыс істемейді» десе, 1927 жылғы IV Бүкілқазақтық партия конференциясында Ф. И. Голощекин «Әзірше бізде Адай уезінде Әланиязов секілді адай князі отырғанда ешқандай атқарушы өкімет ештеңе істей алмайды», – деп мәлімдеген еді. Шындығында бала кезінен «бала би» атанып, Маңғыстау түбегінен бастап Ойылға дейін, бір жағы Сам құмдарының оңтүстігіне, одан әрі Арал теңізіне дейін созылған кең-байтақ далада көшіп жүрген ел арасында бірден-бір билік жүргізу құқы тек қана революциялық комитеттің төрағасы, «Адайдың ханы» атанған Тобанияз Әланиязовтың халық арасындағы аса жоғары абыройы мен беделінің арқасында жүрді дегуге болады. Бірақ, Тобаниязға оның қызметінің бас кезінен бастап орталық үлкен қауіппен, сенімсіздікпен қарады.

Оның нақты дәлелі ретінде ОГПУ-дың 1922 жылы жүргізген ісін келтіруге болады. Бұл істі 1922 жылы Адай уезінде орын алып, кеңестік қарулы күштермен басылған ұлт-азаттық көтерілісінен кейін көтерген. Ол бойынша ақ гвардияшыл генерал Толстов армиясының қалдықтары, байлар, саудагерлер, молдалар, бұрынғы шенеуніктер, ақсақалдар және басқа да кеңеске қарсы элементтер жаңа өкіметке қарсы қарулы күрестің ешқандай нәтиже бермейтініне көздері жеткесін, бұрынғы биліктерін сақтап қалу үшін астыртын контрреволюциялық жолға түсті де-

ген желеумен, олардың үстінен қылмыстық іс қозғапты. Бұл іс бойынша контрреволюциялық ұйымға бірікті деген айыппен, ішінде Тобания Әланиязовы бар, 52 адамнан тұратын төмендегі тізім жасақталған.

Құжаттарда «бұлардың бәрі контрреволюциялық топтың қатысушылары – контрреволюциялық қызметті қызметті басқаратын және оның идеяларын басқаларға таратушылар» деп көрсетілген. Олардың Тобанияздан басқасының ақталғаны немесе ақталмағаны туралы мәлімет жоқ.

Қылмыстық іс ақырында заңды сот орнына берілмей, заңсыз құрылған үштікке түсіп, оның шешімімен 70 адам жазаланып кете барған. Міне, осындай заңсыздықтар Кеңес өкіметімен өмірге бірге келіп, ақырында Мемлекеттік бірліккен саяси басқармасының Гурьев округтік бөлімі Тобанияз Әланиязовын Алматыға толық құқықтық уәкілдігінің қарауына жіберуге қаулы қабылдайды. Бірақ, оның не үшін Алматыға алдырылғандығы жөнінде құжаттарда ештеңе айтылмайды. Осыдан кейін, көп кешікпей-ақ, 1930 жылдың 9 қазанында Қазақстандағы мемлекеттік бірліккен саяси басқарманың өкілдігі үштігінің ұйғаруымен іс бойынша, айыпталушы 70 адамның 61-і (9 адам тергеу аяқталғанша түрмеде қайтыс болды) сотталды. Үштіктің шешімімен Тобанияз бастаған 21 адамды атуға, қалғандарының дүниесі мүлкін тәркілеп, 3 жылдан 10 жылға дейін түрмеге жабуға үкім шығарады.



Бұдан кейін Адай көтерілісі деп аталып жүрген Батыс өлке халқының азаттық күресі 1931 жылы наурыз айында қазіргі Атырау облысының Топырақшашқан, Сағыз, Жем өңірлерінде басталып, кеңес үкіметі тарапынан асқан қатыгездікпен жанышталды. Адай көтерілісі туралы алғаш рет зерттеуші милиция полковнигі Ізтұрған Сариев болды. 1995 жылы «Атамұра» баспасынан Ізтұрған Сариевтың Мұқаш Омаровпен бірігіп жазған «Ойрандалған Адай даласы» атты зерттеу еңбегі жарыққа шығып, бұл кітап оқырманға «ашық күнде найзағай ойнап, жұрттың төбесіне жай түскендей» әсер қалдырды. Өйткені, бұл зерттеуде авторлар 30-жылдары Қазақстанның еш жерінде батыс өлкесіндегідей болмаған, кеңес үкіметінің жергілікті халыққа жасаған қатыгездігі мен зұлымдықтарын ҚР Орталық мұрағаты материалдарымен бұлтартпай дәлелдеді. Аталған авторлар 90-жылдары зерттеуді қолға алған кезде мұрағаттық материалдардан басқа көтеріліске қатысып, жазаланған адамдардың ұрпақтары мен көтеріліс туралы білетін адамдардың көздері тірі еді. Ал қазіргі зерттеушілердің міндеті – сол көтеріліске қатысқандардың бұрынғы зерттеулерге еңбеген қатардағы басым көпшілігін мүмкіндігінше анықтау болып табылады. Осы еңбекті жан-жақты талдай отырып, Алматылық жазушы Жұмабай Құлиев «Абай. КЗ ақпараттық порталында» 2010 жылдың 16 қыркүйегінде «Адай көтерілісі немесе жиырмасыншы ғасырдағы қызыл жендеттік туралы не білеміз?» атты мақала жариялаған болатын. Сол мақалада мынадай мәліметтер берілген: көтеріліс 1931 жылғы наурыз айының жиырмасында Қызылқоғандағы Топырақшаштыда тәркілеуге ұшыраған бұрынғы бай Баянқұл Көптілеуұлының үйінде болған мәжілістен бастау алған. Осы бас қосуда елдің мал-мүлкін тонау күннен-күнге күшейіп, елдің тұрмыс жағдайына аса ауыр болғаны, бұдан құтылуының ең басты жолы – қарсы тұру екені сөз болады. Сондықтан әзірге мал басының бар кезінде Маңғыстау өңіріне қарай көшу, одан әрі Түрікменстанға қоныс аударудың қолайлы екені, ол жақта үкіметтің заңы, халыққа көзқарасы бұл жердегідей емес екендігі айтылады. Үкімет тарапынан көшуге қарсылық болатыны да ескеріліп, бұған қарсы тұру шарасы да қарастырылады. 1931 жылы Қызылқоға мен Жем өңірінде наурыз айында өріс алған көтерілісті Рахмет Аминұлы мен Боқмаш Шоланұлы басқарған. Біріккен саяси басқарманың Попов дегеннің басқарған жазалау отряды Рахмет Аминұлы ауылының Шоланұлының тобына қосылуына кедергі жасау үшін пара қолданып, бесатар мылтықпен, пулеметпен, бір автомашинамен қаруланып, 200–250-дей жасағы бар Әминұлының тобымен кездеседі. Бұл бірінші соғыс Иманқара дөңесінің түстік-батыс бетінде, Ханқожа көлінің маңында 1931 жылы 15 сәуірде болады. Көтерілісшілердің барлық қарулары қылыш, найза, құстар мылтық болғандықтан, соғысты ұзаққа созуға шамалары келмейді. Әминұлының жасақтары екі рет қысқалау шабуылда 9 кісінен өлдідей, екеуінен жаралылай айырылып, ендігі қарсылықта бұдан да көп шығынға ұшырайтынын сезініп, бала-шағасын, малдарын қорғай отырып қаша жөнелді. Көш өте ауыр болды. Елдің ірілі-уақты малы бар, кемпір-шал, бала-шағаларымен алысқа ұзай алмайтын еді. Осы ауыр көш жазалаушы-

лардан құтылып кету мақсатымен енді ғана жылжып, Жемнен өтіп кетеміз деп отырғанда, 21 сәуірде бұларды 8 автомашинамен қуып жеткен Воронежский басқарған мемлекеттік саяси басқарманың Саратов қаласынан шыққан, өздерінің жеке қаруларынан басқа, 6 қол, бір станокты пулеметпен қаруланған 90 кісілік отряды көтерілісшілерді үш жағынан қамап, пулеметпен оқ жаудырып, көп шығынға ұшыратты. Көтерілісшілер үш еседей көп болса да, 20 кісінен айырылып, қол көтеруге мәжбүр болды. Көтерілісшілерден бар болғаны 3 бесатар, 3 аңшы мылтығы, 27 қылыш және 11 тапаншаның оғы алынған. Сол кездегі өлшеммен айтқанда, бақайшағына дейін қаруланған жазалаушыларға қарсы тұру – тек қана ашу-ыза мен көзсіз ерліктің белгісі болатын.

1931 жылдың көктемінде Жем бойындағы көтерілісшілер аса күшті қаруланған жазалау отрядына қарсы тұра алмай, бір азғантайы қашып құтылып, Устірт үстіне қарай кеткенімен, көтерілісшілердің екі үлкен тобы, оларға қоса сол маңда көшіп жүрген адай ауылдары, біріншісі Иманқараның оңтүстік бетінде, екіншісі Қарақұмның терістік жағында, Аққұдық, Қарашүңгіл аулие маңында қоршауға алынып, қолға түскен.

Қарақұмда қолға түскен көтерілісшілердің ер азаматтары бір бөлек, тонаудан қалған азғантай малдары мен бала-шағаларын бір бөлек Гурьев қаласына қарай айдауға қатынасқан сол кездегі комсомол мүшесі, белсенді ретінде


осы жұмысқа тартылған алматылық Шашан Оразбайұлы өзінің естелігінде «Біздер, партия, комсомол, кеңес белсенділері, Қарақұмнан ұсталған көтерілісшілер ауылын Гурьевке қарай айдадық. Жалпы адам саны, балаларды қоса есептегенде, үш мыңнан асағын болуы керек. Көбі жаяу, Сарықамыс маңы мен Жем өзенінің сағасы арқылы теңіздің жағасымен Гурьевке қарай жүрдік. Бұл жерден Жемге жету үшін, бір тәуліктен артығырақ уақыт кетті ғой деймін. Жемге келгенде, адамдар мен малдың өзенге бас қойғанын көргенде жаның түршігеді. Содан кейін Гурьевке қарай жол тарттық. Алдымызда әлі 200 шақырымдай жер жүруіміз керек. Жолда су жоқ, осы жолда көп адамдар, балалар мен қарттар шөлден жүре алмай, өлгені өліп, өлмегені жолда қалды. Ең ауыры – әйелдер мен балалардың күңіренгенінен, жылағанынан сай-сүйегің сырқырайды. Бүкіл ел, дала зарлағандай болды. Гурьевке ер адамдардан басқа ешкім жеткен жоқ» дейді. 1931 жылы көктемде Жем бойында көтерілісшілер үш рет жазалаушылардан қатты соққы көтері. Естеліктер көрсеткендей, Жемнің сол жақ бетінде, Қарақұмда, осы жылы көтерілісшілердің тағы бір үлкен тобы жеңіліс тапқан. Көп адамдар ұсталып, олардың мал-мүліктері қолға түскен. Маусым, шілде айларында көтерілісшілердің қарсылығы енді осы Маңғыстау өңірінде өршиді. Көтерілісшілердің ең бір үлкен тобы Устірттің орталық бөлігінің түстігінде, Сам құмдарынан Қарабауыр бөктеріне қарай шамамен 400 шақырымдай өте шалғай жатқан Қарамая тауы мен көлінің айналасына дейін созылған жерлерге орналасыпты. Осы аталған көтерілісшілер ауылдарын Мырзағали Тынымбайұлы, Айшуақ Жаңайұлы, Дауылтай және осылардың сенімді көмекшілері Мамай Салғараұлы, Өтебай Батынұлы (Қожаұлы), Бәйімбет Жангелдіұлы, Назыр Бекенұлы, Қарабатыр Қаралдаұлы, Ергали Күтегенұлы, Қоңғабай және Досандар басқарды. Бұлардың жасақтары бірнеше жүзден құралған, барлығы екі мың адамнан асты деген деректер бар. Ең әуелі Атырау өлкесінің Қызылқоға, Жем өңірлерінде 1931 жылы басталып, одан кейін ұлан-байтақ Маңғыстау жерінде жалғасқан Адай көтерілісі бас аяғы бір жылға жетпейтін уақытқа қана созылып, кеңестік қаныпезер үкімет тарапынан аяусыз жанышталып, басылды, 1715 көтеріліске қатысушы тұтқындалды. Осылардан 5 тергеу ісі бойынша (NN 17, 38, 100, 3329, 5671) 802 адам РСФСР-дың Қылмыстық кодексінің 58-2 (контрреволюциялық көтеріліс) және 59 (бандитизм) баптарымен жауапқа тартылған. Қызыл империяның қазақтарға, оның ішінде Маңғыстау қазақтары үшін жүргізген саясатына көз салсақ, 1950 жылдардың басына дейін жазалау әрекеті бұл жерде әсте бір тоқтамаған. Мұны көнекөз қариялар сыбырлап қана еске алатын. Ішінен тынатын. Олар өмір бойы үрейде, қорқынышта болып өмір кешкен бейбақтар еді.

1928 жылғы 27 болыс адайлардан, оның 170 мыңнан аса халқынан отызыншы жылдардың аяғында Жылыой ауданында 15 мыңдай, Маңғыстау ауданында одан да аз халық қалды.

Б. ЖҰМАҒҰЛОВ, Абай атындағы ұлттық университеттің профессоры.
Ш.НАҒЫМОВ, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры

4 Студенческая поэзия

Мамыр, 2022 жыл



ПРОСТИВ СЕБЯ, ПРОДОЛЖИШЬ ПУТЬ СВОЙ, В ИТОГО НОВЫЙ МИР ОТКРЫВ...

Александра Курмангалиева, РЯЛ-201


Моя философия жизни: Думаю, философия моей жизни заключается в познании нового. Нельзя стоять на месте, жизнь намного короче, чем кажется. Считаю, что человек всю жизнь должен искать себя, пробовать разные увлечения, общаться с разными людьми, расширять свой кругозор. Именно тогда жизнь не будет прожита зря.

Моя любимая цитата: Одной из любимых цитат является фраза Оскара Уайльда: «Опытом люди называют свои ошибки». А ведь правда! Не было такого, чтобы у человека получалось всё с первого раза. Нельзя останавливаться из-за ошибок, ведь и мастер когда-то был новичком.

Я пишу стихи, когда меня окутывают эмоции: восторг, разочарование, печаль, всё это можно сформировать в прекрасные строки, с помощью которых я смогу донести свои чувства до других людей. Мне нравится размышлять над более глубокими темами, обсуждать более трагичных личностей, поэтому подобное и является содержанием стихотворений.

Меня вдохновляют: Вдохновение чаще всего появляется спонтанно: глубокая мысль в книге, вдохновляющая мелодия песни или обыкновенная беседа с человеком может натолкнуть на основную идею строк.

Вижу себя через десять лет довольно успешной, это больше предчувствие. Я не смогу объяснить откуда такая уверенность, скорее даже позитивный настрой на будущее. Но зная свою целеустремленность, я уверена, что так и будет.



БЕАТРИЧЕ

Я вижу лишь тебя, моя ты Беатриче.
Я слышу лишь твой голос, сравнимый с пеньем птиц.
Я чувствую твой запах, что сладок как корица.
В моей ты голове застряла средь границ.

Мне не забыть янтарных глаз июльского заката,
Мне не забыть тот дождь, что познакомил нас.
Он пел нам песню; так медленно, так гладко.
Он пел о светлом, а именно о вас.

Я так влюблён, безумно, Беатриче!
Я нарисую лучший ваш портрет!
Прекрасно я запомнил ваше лицо,
И что вы ангел сомнений вовсе нет.

Мне бог послал как дар вас и проклятие,
Я болен вами очень тяжело.
И нет от вас нигде противоядия.
Давно благоразумие ушло.

Я вижу лишь тебя, моя ты Беатриче.
Я слышу лишь твой голос, сравнимый с пеньем птиц.
Я чувствую твой запах, что сладок как корица.
В моей ты голове застряла средь границ.

Мне шум дождя напомнит нашу встречу,
Я буду рисовать вас вновь и вновь.
Я сжег все предыдущие портреты.
Искусства нет, есть лишь моя любовь.

Я ничего так сильно не желал как ваше
Как ваше тихое дыхание у плеча,
Простите мне за дерзкие мечтания,
Я в вас влюблён как любит жечь свеча.

Как любит мать своих детей,
Так мягко, нежно, бескорыстно.
Как любит бог своих людей.
Так чисто, нежно и открыто.

Я с трепетом смотрю на вас во снах,
И даже там коснуться вас не смею.
Я вижу вас и в строках, и в стихах.
Ах как хочу, чтоб стали вы моею.

Вы как запретный плод, священны как икона.
Дороже вы и тоньше чем хрусталь.
Прекрасней самого изящного бутона.
Моя вы радость, моя вы и печаль.

ПОКОЙ

Какими разными бывают чувства,
Какими разными бывают люди.
И обстоятельства меняют числа.
Мы сами себе враг и судьбы.

Лишь ты решаешь кем ты станешь,
Лишь ты творец своей судьбы.
Распутав паутину связей
Ты будешь сам с собой на ты.

Поговори с собою честно,
Раскрой все карты на столе.
Тебе давно было известно
Всё то, что прятал в голове.

Расставь все мысли по порядку,
По алфавиту, «а» до «я».
Все страхи выпиши ты в список,
И разбери не торопясь.

И будь терпимее, дай время
Всё будет, но не в этот миг.
Жизнь станет легче и светлее
Без тех привившихся интриг.

Вдохнешь ты воздух полной грудью,
Вкус счастья мягко ощутив.
Простив себя, продолжишь путь свой
В итоге новый мир открыв.

Человеку нужен человек
Человеку нужен человек,
Как Психее был нужен Эрос.
Мудрецу нужен целый век,
Чтоб прозреть и создать свой эпос.

Человеку нужен свой луч, свой свет.
В темноте пройти путь тернистый.
Чтобы слушал души весь бред
И твой смех слышал звонкий, резкий.

Человеку нужен образ души,
Что как пазл воедино сольётся.
Кто уйти не даст поспешить.
Тот, чьё лицо по венам льётся.

Человеку нужен свой клад,
Что дороже любого золота.
Лишь тогда человек богат,
Лишь тогда он не будет плакать.

Жизнь на зло будто время тянет,
Заставляя так томно ждать,
С нетерпенья надежда вянет,
Как нежнейший цветочек в полях.

Но придёт тот момент, зацветут те цветы,
Что так долго и с трепетом ждал.
Погоди ты года, недели и дни.
Жди того, кому сердце отдашь.

ЛЕГЕНДА

Добро пожаловать в страну чудес!
Ох странник, как много радости от твоего прихода.

Прошу, входи в волшебный лес,
Где время длится очень долго.
Тут нет начала, нет конца.
Веселье длится бесконечно!
Услышал странник от юнца:
«- Давай поймаем же лжеца,
Что этот вздор придумал вечный.
Он заманил нас в этот лес,
Напев мотив о дивной сказке,
Не раз об этом пожалев,
Мы повелись его указке.
Ох странник, молю за остальных я, помоги!
Сей праздник словно вечный ужас.
Что хочешь в дар? Мы всё дадим!
Против лжеца мы безоружны.»
Недолго думал наш герой,
Имея храбрость и смекалку
Тот на злодея рвался в бой.
Бродил часами он, пытаясь
Виновника всего найти.
И чар мощнейших опасаясь,
Он завязал глаза,
Вот так с иллюзией сражаясь
Нашёл-таки врага.
Вокруг затихло всё, лишь хрипло ветер воет.
Рука с мечом не дрогнула, поднявшись.
Пронзила сердце злому чародею,
Иллюзии ушли, зловеющий лес вновь пре-
вратился в прежний.
Злодей же стал чернейшим пеплом,
Что улетел по ветру нежно.
Вернулся наш герой к народу, свободный от проклятия.
И слышал он:
«- Слава великому герою, что спас нас от ненастья!»
Летит эта легенда из года в год, из века в век,
И слышен её шёпот по углам,
И знает её каждый человек.

РОСТ

Хоть оболочка точно та же,
Но всё в ней изменилось,
Тот образ стал иным и позже
В секунду растворилась
Та пелена, что блеском отдавая
Сверкала розовым оттенком.
И стал тот яркий цвет, сгорая
Невзрачным, серым, блеклым.
Что я хочу сказать? Что все мы вырастаем.
Меняем взгляды, жизни, роли.
Другим не потаякая,
Снимаем с тех корону, кто роли не достоин.
Не то что не достоин, скорее не дошёл до верха.
Застряли в прошлом и до боли кри-
чать тем хочется и резать,
Рвать нити те, в минувшее что тянут,
А их таланты быстро вянут.
Теряясь в шумной тишине.
И слышу: «Помогите мне!», смотря уже с вершины,
Как тонут в собственной рутине,
Те, кто не дошёл до верха,
Желая лёгкого успеха,
В безделье потонули.
И не желает слушать тот, кто в темноту погружен,
Внушая часто лишь себе: «Я никому не нужен».
Откуда знать ему, насколько это правда?
Не слышно в плотной пелене тумана
Слова любви, поддержки,
Всё это искажается в издевки и насмешки,
Утягивая ниже.
Хотя куда уж ниже... Любим ты,
также нужен. Слышишь?
И ждём тебя ступенью выше.

СВЕЧА

Пылала свеча, несмотря на ветра
Упорно за жизнь хватаясь.
Однако та боль настолько остра.
Что потухла она, пытаясь
Использовать ветер как силу, как власть.
Раздуть из свечи то пламя желая.
Подняться наверх, до неба достать.
Самой от жара сгорая.
Ах, бедное пламя, печален итог.
Потухло ты, воск разливая.
Всю жизнь длился этот немой монолог.
О том, как идут невзирая
Так смело, так ярко, рискуя собой,
Сквозь тернии сомнений и страха,
Судьбу шаг за шагом рисуя рукой,
Готовясь и к боли, и краху.

ОТРАЖЕНИЕ

Скажи, прошу, а знал ли ты,
Кто по ту сторону стоит
В туманном зазеркалье?
Ответ элементарен, прост,
И глупым кажется вопрос.
Но всё не так кристально,
Пусть кажется тебе, но всё..
Неоднозначно визуально.
Ведь сколько раз глаза нам ввали?
Подумай, вспомни,
Когда в иллюзиях пропали,
Обманом разум свой покрыв.
Ты ли в этом отражении?
Твои глаза, ресницы, нос?
Подумай в этом положении.
Ты скажешь: «Чужд мне твой вопрос».
Но ты постой, не торопись в суждении!
И некий раз, как глянешь в отражение,
Ты ощутишь себя мишенью,
Чего-то странного, чужого,
И не пройти нам ту ступень.
Чтоб глянуть, что же там такое?
Следит за нами словно тень.



Нурикама Клышбек, РКШ-101

Моя философия жизни. Она достаточно своеобразна, самовольна. Чтобы дать понятие о моей философии, оставлю две цитаты собственного сочинения: 1. «Не ходи по чужим следам, а создавай свои, после которых всегда оставались великие свершения, изменяющие мир в лучшую сторону.»

2. «Заниматься любимым делом, не думая об осуждении со стороны общества - самое лучшее чувство, заставляющее превращать людей в магически сильных существ.»

Моя любимая цитата: У меня есть несколько любимых цитат, доставляющие особое чувство при чтении. Среди них выделю 5: «Люди не всегда были рядом со мной, но музыка была всегда» – цитата Тейлор Свифт моей любимой певицы; ещё одна цитата от Тейлор Свифт: «Урок, который я усвоил чаще всего в жизни, заключается в том, что в будущем вы всегда будете знать больше, чем знаете сейчас»; цитата Николая Гоголя «Мёртвые души»: «Ничего не может быть приятнее, как жить в уединении, наслаждаться зрелищем природы и почитать иногда какую-нибудь книгу...»; цитата Антуана де Сент-Экзюпери «Маленький принц»: «Глаза слепы. Искать надо сердцем»; цитата Фёдора Достоевского: «Человек всю жизнь не живет, а сочиняет себя, самосочиняется».

Я пишу стихи, когда в моих раздумьях бушуют волны мыслей, тревожащие мою душу. Так мой мозг освобождается от дум, успокаивая внутренний океан.

Меня вдохновляют всё, что происходит в нашей жизни, начиная от философских, заканчивая глобальными проблемами.

Видю себя через 10 лет: Я не могу представить себя, какой я буду через 10 лет. Однако я знаю, что буду той, которая будет сочинять свою жизнь по своему велению сердца, проживая в благополучии, счастье и гармонии.



ВИЖУ КОСМОС В ГЛАЗАХ ТВОИХ...

*Вижу космос в глазах твоих
Перенесли они в мир другой,
Где есть блеск счастливых безмерных,
Где обитает человек совсем иной.*

*Твой космос – мир для меня,
Я гражданин твоей планеты.
Бесценный край для меня
Твоя вселенная судьбы.*

*Отдам всё лучшее, что есть во мне
Для тебя и твоей страны.
Оберегу и согрею я сердце твоё,
Исполняя невозможные мечты.*

СНЕЖНОЕ ЖЕЛАНИЕ

*Горят огни в доме,
Показывая новогоднюю суету.
Рисует мальчик узоры на окне,
Используя инейную красоту.*

*Несколько минут до новой главы
А мальчик всё сидит, рисуя.
Хочет он исполнения одной мечты:
Лицезреть, как снежинки упадут, танцуя.*

*Подняли бокалы родители
Кинули свои желанья в шампань.
Взял мальчик как взрослый свой стакан
И задал – увидит вальс снежинок.*

*Начали бой куранты,
Взрослые кричат: «Ура»!
У мальчика появилась улыбка:
Сбылось желание – закружились снега.*

*Причудная история
В окружении людей
Гуляю, размышляя о своём.
Ко мне на носик сел иней
И залепетал об одном:*

*Как люди позабыли об искренности,
Не знают они душу чистую.
Все смотрят на внешние ценности,
Закрывая глаза на вселенную личности.*

*Указал иней на девочку одну,
Сказал, никто не смотрит на неё:
Вызывает омерзение –
Лучше закрыть ей морду.*

*Но иней так не считал,
Ей лучи красоты и уверенности придал.
В тот же миг переминаясь она,
В искусную деву превратилась она.*

*Тогда люди прижались к ней,
Но она отстранилась от всех.
Ибо полюбили её за оболочку,
А не за внутренний мир.
Душа у неё была иная,
Испытывающая сильную привязанность.
Поэтому есть у неё рана больная,
Терзающая её многие годы.*

*Не понимает, что в ней не так?..
Почему она не как все?
Бьётся головой, думая обо всём,
Глупо гиперболизируя и так.*

*Этим историю закончил иней,
Не досказав итог случая.
И в конце прошёл по линии крайней
И сказал, что хроничку завершишь сама...*

ИДЕАЛ ЕСТЬ У ВСЕХ
*Говорят, идеалов нет,
Что никто не совершенен.
Однако, душа твердит обратное,
Что каждый сам себе идеал.*

*Кто-то обязан быть таким,
Раз уж не приносит пользы никакой.
Пусть блестит в сфере одной,
Радуя родную искусным портретом.*

*Портрет, нарисованный красками лени,
Кричат о трудолюбии, пассивно созерцая.
Какие же они ироничны до жути,
Что создают дилемму, раздражая.*

ПЫЛЬ И ДУША
*Среди золотых статуя пыльная стоит,
Невзрачно и блёкло серым блестит.
Проходят люди, заворожены золотом,
Но никто не замечает противную пыль.*

*Глаза вмиг падают на пресность,
Забушевал огонь в глазах – беззлivity.
Одинокий холод тусклой статуе,
Хочет попасть в капкан огромных объятий.*

*Люди продолжают смотреть на золото,
Слепо не видя статую души.
Но подошёл человек с разбитым сердцем,
И исцелились разные сердца в один миг.*

ВЗРОСЛЫЙ РЕБЁНОК
*Человек не взрослеет,
А лишь опыт и урок жизни получает.
Оставив ребёнка с «няней»,
Свое внутреннее чадо забывает.*

*Ребёнок в душе начинает тосковать,
Скучая, пытается найти контакт.
Так и выходит травмы наружу,
Сводящие человека с ума.*

*Каждый живущий – ребёнок с травмами,
На свете отчасти взрослых нет.
Лишь есть притворяющиеся,
Жалко учащие неопознанной дидактике.*

*Береги своего внутреннего младенца,
Уделяй достаточно внимания,
Не забывай, что с ним ты принимаешь решения,
Являющиеся событиями жизни твоей.*

ҰБТ -ДАН 140 БАЛ АЛҒАН СТУДЕНТ



Білім адам баласын биікке шығарады. Өмірдегі арманыңа қол жеткізеді. Физика пәні мұғалімі мамандығының 1 курс студенті Нұржас Тойжігітке қарап оның ақиқатына көзіміз жете түседі. Бала кезіннен алғырлығымен көзге түскен Нұржас жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерден 13 Президенттік олимпиаданың 1 дәрежелі жеңімпазы атанған, ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың Алғыс хатымен марапатталған мақтаулы студент, өзгелерге үлгі-өнеге болатын мотиватор.

Нұржас Жамбыл облысы, Тараз қаласында дүниеге келіп, мектептен соң дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған «Білім - Инновация» лицей-интернатында білімін жалғастырған. 2021 жылы өткен Ұлттық Бірыңғай тестілеуде ол топтың ішінен оза шығып, ең жоғарғы 140 балл алып, грант иеленеді.

Біз Нұржаспен студенттік өмірде араласа жүріп, университетшілік әр түрлі шараларға да белсене атсалысып келеміз. Ол оқу орнында оқи жүріп, «Білім-Инновация» лицейінде жұмыс жасауда. Қазірдің өзінде қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерін жақсы меңгерген Нұржас университеттегі саласына қатысты олимпиадалар мен жобаларға үзбей қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Осыдан бір ай бұрын Павлодар қаласына өткен пәндік олимпиадада Нұржас топ бойынша жүлделі 2 орын, жеке 3 орынмен марапатталды.

Бір айта кетері, соңғы уақыттары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан мен Әзірбайжан елдерінің арасындағы байланысты нығайту мақсатында 2012 жылдан бастап Әзірбайжанның тарихы мен мәдениетін зерттеу орталығы ашылып, жұмыс жүргізіп келеді. Бұл орталықта үздік студенттерге Гейдар Алиевтің стипендиясы тағайындалған. Нұржас болса осы шәкіртақының иесі атанумен бірге GPA жоғары студенттердің қатарынан көрінуде. Біз Атырау университетінің мақтанышы, факультетіміздің белсенді әрі үздік студенті Нұржас Тойжігіттің болашағына үлкен үміт артып, жетістіктер күтеміз.

Әйгерім САПАРОВА,
физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттік деканы,
физик – зерттеуші мамандығының 2 курс студенті

АРУ АЛАР АСУ КӨП



Мен «жаныңда жүр жақсы адам» дегендей, курстасым Ару Әбеновамен мақтанғым келеді. Онымен 2019 жылы университет табалдырығын аттап, студент болғаннан бері жақсы таныспыз. Ару 2021 жылдың қыркүйек айында ресми түрде факультетіміздің студенттік деканы болды. Ол факультет атынан барлық шараларға белсене араласып, жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Сөйтіп, бірінші курс студенттерін белсенділер қатарына жылы қабылдап, командасымен бірге «Кел, жүздесейік» атты шара ұйымдастырды. Жылдағы дәстүр бойынша «Күзгі бал - 2021» байқауынан 1 орын, интеллектуалды жарыстардан 1 және 2 орынды иеленумен бірге, республикалық пікірсайыс жобасының ашылуына қолға алып, «Үздік ұйымдастырушы» атанды. Тіпті, факультеттер арасында да студенттеріміз «Үздік факультет» номинациясын жеңіп алып, түрлі алғыс хаттар иелендік. Бұдан бөлек, тәуелсіздігімізді насихаттау мақсатында апталық кино көрсетілім, белсенділермен «Желтоқсан шежіресі - Елімнің мәртебесі» атты концерттік қойылым да ұйымдастырылып келеді. Өткен жылы Ару облыстық «Bizdin-Премия 2021» байқауында «Үздік активист» номинациясының иегері болса, 2022 жылы да талай орындар иеленумен бірге өткен жылғы жаңа оқу семестрін Қазақстан студенттер альянсының Атыраудағы филиалы бастаған «ORTA SHOW» жобасына қосылуымен бастады. «ORTA SHOW» жобасында факультеттегі студенттер командасын басқаруды қолға алып, аз уақытта лидер ретінде танылды.

Қазіргі таңда факультет студенттері 8 тапсырманы сәтті аяқтап, «AINALMAQ Econom Edition» атты жобасын өткіздік. Әсіресе, Ару және оның жинақтаған командасы арқылы біз Атырау өңірі бойынша 12 оқу орнының арасынан рейтинг бойынша Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен біздің экономика және құқық факультеті 1 орынды иелендік. Бұның өзі үлкен жетістік.

Ару осы жобадан бөлек университет ішіндегі көптеген шараларға қатысып, жеңімпаз атанып келеді. Республикалық пәндік олимпиадада кураторы Самал апайы бастаған командалық жобаны қорғап, оған арнайы сертификат табысталса, мамыр айында ол Гейдар Алиевтің атаулы стипендиясын иеленді. Айта кетейік, Ару Әбенова – Әзірбайжан Республикасының Ақтау қаласындағы бас консулы Эльмар Рагимоглудың қолынан марапат алған алты студенттердің бірі. Бұның барлығы осындай білімді жастың бір жылғы ғана жеткен жетістігі.

Луиза Тілепбергенова,
экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті

СТУДЕНТ БОЛУҒА ҚАШАН ДА КЕШ ЕМЕС!

–Берік, сен неге сабаққа ылғи кешігіп келесің?

–Өзіңіз «оқуға ешқашан кеш емес» деген жоқсыз ба, апай!

Бұл, әрине, анекдот. Шындығында білім алуға ынта болса, расымен де ешқашан кеш болмайды.

Интернет мәліметтері бойынша, қазіргі дейінгі ең егде студенттердің көшіні әлі күнге дейін 2008 жылы 90 жасында Бонн университетін бітірген Герман Петерс бастап тұр екен. Бұл кезде оның 5 баласы, 17 немересі, 8 шөбересі болған. Саясаттану мамандығын алу жөніндегі мақсатын жүзеге асырған түлектің дипломдық жұмысының тақырыбы сол елде 1852 жылы болған төңкеріс жайында екен. Бір қызығы, Петерстің өзі сол төңкеріске бастан-аяқ қатысты. Оның өзі жатқа білетін жайларды бақышағына дейін талдап тастағаны соншалық, ғылыми еңбегі өте жоғары бағаланады.

Ұзақ жылдар бойы егде шағында жоғары білім немесе қосымша мамандық алу АҚШ, Еуропа елдеріне тән құбылыс саналып келді. Дегенмен, қазіргі кезде бұл әлем елдеріне ортақ тенденция десек артық айтқандық емес. ТМД елдерінен бұл жағынан украиналық Феофил Дорошенконың есімі алдымен аталады. Ол 2011 жылы 81 жасында Одесса христиандық гуманитарлық-экономикалық ашық университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Дорошенко студент ретінде жас «әріптестері» сияқты ғаламторға «жиендік» жасамай, оқу процесі кезінде кітапханада тапжылмай отыратындығымен ерекшеленіпті. Ал бір жолы оның құрдастарымен бірге сабақтан «қашып кеткені» кәдімгідей сенсация тудырған.

Өз кезегінде Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті 2014 жылы 78 жасында бейнелеу өнері және дизайн бөлімін тәмамдаған Илия Жақанов сынды түлегімен мақтана алады. Дипломдық жұмысын «Жеруық» деп аталатын триптих бойынша қорғаған атақты композитор, ақын-жазушы Илия ағамыз осылайша бала күнгі арманын жүзеге асырып, өзі айтқандай, «ауесқой емес кәсіпқой» суретші атанды.

Бүгінде университетімізді 48-55 жас аралығындағы онға жуық студент білім алуға. Олардың барлығы да – әйел адамдар.

Егде жастағы білім несімен ерекшеленеді? Студент ше? Олардың өздерінен сұрайық.

Айсұлу Николаенко, психология мамандығы, күндізгі бөлім, 3 курс, 55 жаста: Біз отбасында бес бала болып өстік, мен тұңғышы болдым. Бауырларымының бәрі жоғары білімді, тек мен бұл жағынан кешеуілдеп қалғам. Сол себепті, менің көптен қалаған мамандығымды алуымды қолдап жүрген жақындарым да, 75 жастағы анам да оқуға түскенімді қуанып қалды.

Өзімнің отбасыма келсек, үш қызым, бір ұлым бар. Екі қызымнан әзірге алты немере сүйіп отырған бақытты әжемін, бос уақытта соларды қарап, ойнағамын. Осыған дейін бухгалтерлік курсты бітіріп,



оператор, бақылаушы кассир, аға кассир, бас есепші қызметтерін атқардым, мектепте информатикадан сабақ та бердім. Одан кейін он бес жылдай Қостанай облысының ауылдық жерінде тұрдық, жеке дүкеніміз болды.

Өзім екі рет жоғары оқу орнына түскен болатынмын. Біріншісі – Қостанай педагогикалық институтының, кейін университет болды, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Тұрмысқа шығып, екінші курсқа өткенде екінші қызымды босандым, одан кейін сырттай бөлімге ауысқанмен бәрібір бітіре алмадым.

Жасым 25-тен асқан кезде тағы да сол қаладағы ауылшаруашылығы институтының экономика факультетіне сырттай оқуға түстім. Бұл 1990 жылдар еді, елдегі ахуал мәз болған жоқ, балаларды өсіріп, жағдайды түзеу керек болғасын көзді жұмып, саудаға шығып кеттім. Оның үстіне, 36, 37 жасқа келгенде кейінгі балаларды босандым. Сол кезде барлығы да алдымда, әлі бәріне де үлгеремін деп ойлайтынмын.

Ал ұл-қыздар өсіп, өз қолдары өз ауыздарына жетіп, енді толыққанды білім аламын деген кезде... бұрынғы үзіліп қалған жоғары білімімді қайта жалғастырығым келмеді. Себебі, осы уақыт аралығында психология саласына ден қойып, көптеген әдебиетті оқыдым, отбасы, ана мен бала қарым-қатынасы жайлы ілімге, кітаптарға ден қойып, көп жайға қанықтым, өзімді жан-жақты білуге құмарттым. Менің ендігі қалауым психология болды. Сөйтіп Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне оқуға қабылдандым.

Менің оқуға түскен кезім әлемдік пандемиямен тұспа тұс келді. Әдепкіде мені құрдастарым қалай қабылдайды екен деп аздап қобалжығаным рас, бірақ, онлайн сабақ кезінде олармен достасып үлгердім. Бастапқы кезде бірге қыдыруға, Жайықтың жағалауына серуендеуге «өздерің бара берсеңдерші» дейтінмін, олар қоймастан ертіп алушы еді, қазір бір үйдің баласындай татумыз десем артық айтпаспын.

Айтпақшы, онлайн сабақты мен тез меңгердім. Тіпті үйдегілер электронды түрде құжаттар тапсыратын болса маған жүктеп қойып, «біздің хакер» деп қалжыңдайтын болды. Оқытушыларым оқуыма жақсы баға беріп отыр, соған қарағанда қабілетті студент болсам ке-

рек. Анам өткенде «мына сабақтардан бес алдым» деп кілең «бестіктерді» көрсетіп жатсам, «сен үшін нашар оқу ұят» дейді. Сабақ беретін ұстаздарымның көпшілігі менен кіші, дегенмен, студент ретінде арақашықтық сақтаймын, ал кей тақырыптарды өткенде менің 10-15 минут өзімнің немесе жақындарымның, таныстарымның басынан өткен шынайы жағдайларды айтып беріп, бөлісетінім бар. Қанша дегенмен, өмірлік тәжірибеміздің бары байқалады екен.


Негізі, менің болмысымның өзі көпшіл, жанашыр болар деймін. Ауылда дүкенде тұрғанда да тұрғындар, ер-азаматы бар, әйелі бар, келіп, әңгімелерін, бастарындағы проблемаларын айтып кететін, ақыл-кеңес сұрайтын. «Сенімен сөйлескеннен кейін өмірге деген құлшынымысыз арта түседі» дегендері болды. Ал біз көшіп бара жатқанда ауылдастарым жіберуге қимай, олардың лебізінен, тілектерінен телефондағы «ватсап» жарылуға шақ қалып тұратын.

Қазіргі күні мен өзімді шектемей, сала бойынша білімімді дамытуға ден қойып отырмын. Мәскеудегі оқу орындарының да біріне практикалық психология бойынша түсіп, қашықтықтан оқуды бастадым. Дағдарыс кезіндегі психология бойынша арт-терапия курсы өтіп жатырмын. Әрі қарай психоанализ жасауды тереңдеп оқи түскім келеді. Оқу практикамыз басталды, оны қаладағы неврология клиникасында өтпекпін. Дипломдық жұмысымды да тыңғылықты зерттесем деймін, ол «Психокоррекция неврозов у детей дошкольного и младшего возраста» деп аталады.

Айта кетейін, менің оқуыма балаларым да қолдарынан келгенше көмектесіп отырады. Соның ішінде, Ресейде клиникалық психолог мамандығына оқып жатқан қызыммен пікір таластырып, өтіп жатқан кей материалдарды бірге талқылайтынымыз бар. Мәселен, біз жақында университетте «Ертегі терапиясы» деген сабақты өттік, мен ертегіні өлең жолдарымен жазып, сценарий құрастырдым, жақындарым бұл еңбегімді жоғары бағалады. Келешекте алған теориялық білімімді іс жүзінде барыныша кеңінен қолданғым келеді. Психолог-консультант болсам деген ойым бар.

Наталья Галушкина, логопед мамандығы, 1 курс (үш жылдық), 51 жаста: Мен Ақтау қаласында тұрамын, арнаулы орта білімді бар. Балалармен жұмыс тәжірибем 28 жыл құрайды, қаладағы түзеу бағытындағы балабақшада 1994 жылдан бері бала тәрбиелеумен айналысамын. Бұған дейін ойда жүргенмен, өз балаларымызды аяғынан тұрғызып жіберу керек болды, бүгінде олар есейді, реті енді келіп жатыр. Күйеуім, енем, балаларым менің оқуға түскенімді қалыпты қабылдады, сұрастырып, көмектесіп те тұрады.

Осы жерде айта кетейін, логопедтікті оқу үшін алдымен интернеттен жоғары оқу орындарын қарағанмын. Соның ішінде, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарихы, оқу-материалдық базасы, оқытушылар құрамы көңілімнен шықты. Сол себепті, басқа



қалада екеніне қарамастан, сонда құжат тапсырдым. Әрине, менің бұл салада өмірлік тәжірибем бары рас, оны менен ешкім тартып алмайды да, бірақ, университетте жүріп көп нәрсе үйрендім. Соның ішінде, жаңа технологияны үйрету бағытындағы білігім көп болды, алғаш рет өз портфолиымды өзім жасаған кезде қуанып қалдым.

Мейрамгүл Дінғазиева, математика және физика пәнінің мұғалімі



мамандығы, 2 курс (екі жылдық), 49 жаста: Мен математика және физика пәндеріне бала күнінен-ақ бейім болдым. Әрине, бұл жолы маған бұл мамандықты игеруге өндірістік қажеттілік, яғни мұқтаждық болған жоқ. Бірақ, мүмкіндігім, уақытым, ресурсым бар кезде оқып алу жөнінде шешім қабылдадым. Бұған дейін экономист мамандығын оқып, магистратурада бітіргенмін, осы оқу орнында сабақ берем. Дегенмен, сабақ барысында мен студенттің, ол – бұлжылмайтын қағида. Қазіргі күні менің қайткенде де қызыл дипломға бітіргенмін деген мақсатым жоқ, мен үшін ең бастысы – сапалы білім алу.

Қазіргі күні физика-математика бойынша алған білімім көп қажеттілікке жарап жатыр. Ең алдымен, өз балаларымды бұл пәндерден терең оқыту мүмкіндігіне ие болдым. Келешекте де кәсіпкерлікпен айналысып, оқу орталығын ашып жатсақ, осы білімімнің пайдаға жарайтыны сөзсіз. Осы орайда маған қолдау білдіріп отырған отбасыма да ризамын.

НАША ЦЕЛЬ - УКРЕПЛЕНИЕ СВЯЗЕЙ

Одной из задач деятельности офиса компетенций, подготовки и планирования карьеры является установление и развитие долгосрочных партнерских отношений с предприятиями, организациями и учреждениями на основании заключения договоров на прохождение профессиональной практики обучающихся университетов и содействие дальнейшему трудоустройству. Предметом деятельности Офиса является координация работы университета по содействию занятости студентов и трудоустройству молодых специалистов, предоставление информации и аналитических отчетов по проблемам труда и занятости, взаимодействие с организациями и учреждениями, оказывающими влияние на рынок труда молодых специалистов с высшим образованием.

Офис осуществляет связь с заинтересованными сторонами, а это, прежде всего, организации образования: школы, гимназии, лицеи, дошкольные учреждения, колледжи, а также госорганы, предприятия, компании, бизнес-структуры и др. На сегодня всего заключено 301 договор о прохождении практики, из них по педагогическим – 137, по непедагогическим – 164. Также, заключаются меморандумы о сотрудничестве, проводятся встречи, мастер-классы по написанию резюме, прохождению собеседований, соблюдению делового этикета. Ежегодно проводится разъяснительная работа среди выпускников педагогических и непедагогических специальностей по государственным программам «С дипломом в село», «Молодежная практика». В ближайшее время планируется проведение данного мероприятия с представителями молодежного ресурсного центра, Центра занятости населения г.Атырау.

Сотрудники Офиса ведут деятельность по составлению

портфолио и резюме, размещению вакансий на сайте университета, предоставляют информацию о выпускниках и студентах по запросам работодателей, подходящие заявки передаются на соответствующие кафедры. Для освещения мероприятий, проводимых Офисом в последнее время широко используются социальные сети.

Немаловажную роль в содействии занятости и трудоустройства наших выпускников сыграет Совет работодателей, состав которого утвержден и согласован с каждым членом Совета. Он направлен на активное взаимодействие работодателей и университета в формировании компетенции выпускников и обеспечение качества образования.

Установление стабильных партнерских отношений с работодателями позволит учитывать реальные потребности работодателя в процессе обучения студентов и готовить выпускников «на заказ» работодателю. На базе университета традиционно организовывается и проводится «Ярмарка вакансий». Выпускники получают возможность познакомиться с вакансиями по своей специальности, а также заполнить анкеты на трудоустройство в ведущие организации и компании. В нынешнем году в ярмарке вакансий участвовало свыше 60-ти представителей предприятий и учреждений Атырауской области, свыше 340 выпускников прошли собеседования и сдали резюме, около 60-ти получили приглашения на работу.

В прошлом 2020-2021 учебном году курсы педагогической переподготовки по шести образовательным программам прошли 13 слушателей, в 2021-2022 году по семи ОП – 23 слушателя.

Для выпускников прошлых лет организуются бесплатные

«Upgrade» курсы, где участников ждут тренинги, лекции и мастер-классы. Проблемы содействия занятости и трудоустройства призвано решить внедрение дуальной системы образования. Суть ее заключается в тесной взаимосвязи образовательных учреждений и производственной сферы с учетом своевременного реагирования на изменения потребностей на рынке труда. К обучению привлекаются специалисты-практики, а не только преподаватели ВУЗа.

В университете разработано Положение о дуальной системе обучения, заключается договор с управлением образования Атырауской области и с другими заинтересованными сторонами, т.е. с предприятиями, учреждениями и компаниями, где обучающиеся проходят профессиональную практику и действуют филиалы кафедр.

Все вышеперечисленные мероприятия содействуют занятости выпускников, где мы выделяем четыре основных канала: трудоустройство на работу; продолжение обучения; призыв в ряды Вооруженных Сил; отпуск по уходу за ребенком.

Таким образом, та часть выпускников, которые не относятся ни к одному из вышеперечисленных каналов занятости, считаются нетрудоустроенными.

На постоянной основе проводится мониторинг занятости выпускников, в результате подсчета предварительных показателей занятости по данным ЦВП и телефонограмм, трудоустройство выпускников университета 2021 года по состоянию на декабрь 2021 года составило 82%, следующий мониторинг – в мае-июне 2022 года.

З.Г.СУЛТАНОВА,
руководитель офиса компетенций, переподготовки и планирования карьеры

БІЛІМ БАР ЖЕРДЕ – ЖЕТІСТІК БАР



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің пәндік олимпиадаларды өткізу кестесіне сәйкес 22 сәуір 2022 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6В013-пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша студенттердің ХІІІ Республикалық пәндік олимпиадасын ұйымдастырды. Оған Атырау университеті инновациялық білім беру факультеті мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Э.Ж.Испанованың жетекшілігімен 6В01301-Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы білім бағдарламасының 2-3 курс студенттері А.Байдуллаева, Б.Сахитжан, Н.Жайлауова, Б.Сәтбаева қатысты.

Олимпиада үш кезеңді қамтыды. Оның ішінде, бірінші кезеңі – шығармашылық байқау, мұнда командалардың визиттік карточкасы сахнада еркін түрде өткізілді. Екінші кезең – теориялық байқау, мұнда алдын-ала ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша аргументтік эссе жазды. Эссе жазу барысында оның тақырыпқа сәйкес болуы, дәйектеуі, композиция, сауаттылығы қатаң ескерілді. Осы критерийлерді толықтай сақтай отырып, студент Б.Сахитжан ең жоғары ұпайды иеленді. Үшінші кезең практикалық байқау болды, мұнда «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбындағы топтық таныстырылым жасалды. Тақырыпқа сай қатысушылардың көзқарасы, таным-түсінігі мен ойлары, тақырыптың өзектілігі мен нақтылығы, жаңашылдығы толықтай жан-жақты ашылды.

Қорытынды нәтиже бойынша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті командасы жүлделі

ІІІ орынмен марапатталды. Пәндік олимпиаданың мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейіне жеткен шығармашыл дарынды студенттердің педагогикалық қабілеттерін анықтау мен олардың оқу-танымдық, оқу-зерттеушілік әрекетін ынталандыру, кәсіби және жеке әлеуетін ашу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, талантты, дарынды студенттерді іріктеу және қолдау, білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру секілді міндеттерді көздеді.

Сонымен қатар, 2022 жылдың 21-22 сәуірінде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты ұйымдастырған 6В01201-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша ХІІІ республикалық пәндік Олимпиадасына кафедраның аға оқытушысы, магистр О.А.Абилованың жетекшілігімен 6В01201-педагог тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері білім бағдарламасының 2-3 курс студенттері А.Қуанышева, А.Баймұханбетова, Б.Салматаева, Ж.Дайхан қатысты. Бұл олимпиада төрт кезеңнен тұрды.

Бірінші кезең «Тәрбиеші – ұлағатты тәрбиенің тірегі» тақырыбында командалардың өзін-өзі таныстыруы болды.

Екінші кезең. Жобалар сайысы. «Студент қиялындағы болашақ» деп аталатын үй тапсырмасы орындалды. Бұл сайыстың мақсаты білім беру салаларына бағытталған инновациялық технологиялар мен әдістемелерді айқындау болып табылды.

Үшінші кезең. «Болашақ маман шеберлігінен...» практикалық байқауы ұйымдастырылды. Бұл сайыстың мақсаты студенттердің болашақ маман ретіндегі кәсіби –

педагогикалық шығармашылық құзыреттілігін ашуға ықпал ету болғандықтан, оларды балабақшаға апара отырып, ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді.

Төртінші кезең «Білімді мыңды жығар...» теориялық байқауы болды. Мұнда екі студент базалық пәндерден меңгерген теориялық білім деңгейлерін анықтау үшін дайындалған тест тапсырмаларын орындады. Тест нәтижесінде А.Баймұханбетова, Б.Салматаева ең жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Олимпиаданың қорытынды нәтижесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті командасы жүлделі І орынмен марапатталды. Бұл кафедра үшін 2021-2022 оқу жылындағы ең үлкен жетістік деп айтуға болады. Тағы бір олимпиадаға осы білім сайысына қатыса отырып, ерекше командалардың қатарынан көрініп, тағы бір олимпиадаға шақырту алды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 29 сәуір күні ұйымдастырған «XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұралары» атты педагогикалық мамандықтар студенттеріне арналған республикалық педагогикалық олимпиадасына кафедра аға оқытушылары, магистр О.А.Абилова, Э.Ж.Испанованың жетекшілігімен 6В01201-педагог тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері білім бағдарламасының 3 курс студенттері А.Баймұханбетова, А.Қартбағанбет, 6В01301-бастауыш білім беру деңгейінің педагогы білім бағдарламасының 3 курс студенттері А.Тельжанова, Б.Сахитжан қатысып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды.

Эльмира ИСПАНОВА,
мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы



ЧЕЛОВЕК С БОЛЬШОЙ БУКВЫ

«Истинно велики те, чье сердце бьется для всех». Ярким подтверждением этих замечательных слов Роллана является созидательная деятельность Маммедова Махаббата Ашироглы – доктора экономических наук, профессора Азербайджанского строительного университета.

Мне повезло на встречи с хорошими людьми, которые так или иначе в ней приняли доброе участие. До сих пор ко всем им я храню чувство благодарности. Но встреча с Махаббатом Ашироглы Маммедовым человеком удивительно теплой аурой стала для меня особой.



Сегодня очевидно, что одной из ведущих тенденций, стремительно набирающих силу, является интернационализация высшего образования. Международное сотрудничество становится неотъемлемым видом деятельности Атырауского университета им. Х.Досмұхамедова. Так в рамках программы академического обмена Onghu мне посчастливилось побывать в Азербайджанском строительном-архитектурном университете, на кафедре экономики, бизнеса и менеджмента во главе с заведующим кафедрой Маммедовым Махаббатом Ашироглы.

С первой встречи Махаббат Ашироглы оказал хорошее впечатление, встречая с теплотой и улыбкой. Его креативность, профессионализм, самоотдача, терпение вдохновляют сотрудников и студентов. Очевидно, что залог успеха — неподдельная любовь к выбранному делу, умноженная на самосовершенствование и добросовестность, которое является большим плюсом в любой отрасли.

Маммедов Махаббат Ашироглы – доктор экономических наук, профессор международной кадровой академии Украины. Член совета докторских диссертаций Республики Азербайджан. У него на счету 237 научных трудов, из них 45 зарубежных, 5 монографии, 8 учебников и учебных пособий.

Свою профессиональную деятельность он начинает с 1977 по 1992 гг. в Министерстве высшего и среднего образования АЗССР. С 1992 по сей день является заведующим кафедрой экономики, бизнеса и менеджмента Азербайджанского строительного-архитектурного университета.

С 2006 по 2018 – начальник отдела подготовки и контроля международных проектов и государственных программ Министерства энергетики АР.

Член коллегии Министерства энергетики АР, член ВАК АР. Главный советник государственной службы АР. Член редколлегии журнала «Экономика региона» и журнала «Экономическая реформа» Республики Украина, политехнического университета «Епесо» (г. Полтава).

Справедливо будет подчеркнуть его вклад в образование Республики Азербайджан, в 2016 году он был награжден за заслуги в развитии образования в Азербайджане медалью «Тереги» по распоряжению Президента Азербайджана Ильхама Алиева.

Глубоко убеждена, что благодарная деятельность Маммедова Махаббата Ашироглы, великого сына своего народа будет неиссякаемым источником патриотизма, беззаветного служения отечеству для будущих поколений.

Динара АХМУРЗИНА,
старший преподаватель,
магистр кафедры менеджмент

«ОРХУН» - БЕРЕРІ КӨП БАҒДАРЛАМА



Жоғары оқу орнының негізгі мақсаттарының бірі – академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін де ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықпен оқуға жіберу немесе оқуға қабылдау, тағылымдамадан өту бағдарламалары іске асырылуда.

Академиялық ұтқырлық бойынша «Орхун» бағдарламасы аясында әріптесім, т.ғ.к.Гүлфайруз Қайырғалиевамен бірге Қырғыз елінің астанасы Бішкек қаласындағы Қырғыз-Түрік Манас университетіне тағылымдамадан өтіп келдік.

Қырғыз-Түрік Манас университеті – Бішкек қаласындағы ең заманауи және жаңашыл жоғары оқу орындарының бірі. Университетте барлық білім алушылар грант негізінде оқиды, сонымен қатар, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Ауғанстан, Иран, Түрікменстан елдерінің студенттері білім алуда.

Алғашқы күні Қырғыз-Түрік Манас университетінің ректоры, профессор Алпаслан Джейланның қабылдауында болып, батыс тілдер факультетінің деканы, профессор PhD Ахмед Бише мырзамен және факультеттегі кафедра меңгерушілерімен бірге екі университет арасында іске асырылатын бағдарламалар жөнінде әңгімелестік.

Менің мамандығым ағылшын тілі болғандықтан, аталған факультетке қарасты «Ағылшын тілі және әдебиеті», «Аударма ісі» мамандықтарының 2, 3, 4 курс студенттеріне «Intercultural Communication», «History of America», «Simultaneous translation» пәндерінен дәріс жүргіздім. Дәріс сабақтары студенттердің қызығушылығын туғызды. Студенттердің де оқуға деген ынтасы зор екен. Және басқару әкімшілігі білім сапасына өте жіті қарайтыны байқалды.

Сонымен қатар, екі мамандықтың профессор-оқытушыларына және магистранттарға арналған өзіннің зерттеу тақырыбым бойынша ғылыми семинар өткіздім.

Иссапар барысында сабақ берумен қатар, бос уақытымызда қырғыз елінің көрікті, тарихи жерлеріне және мәдени орындарға университет тарапынан демалыс ұйымдастырылды.

Бұл тағылымдама мен үшін өте пайдалы болды. Осындай академиялық ұтқырлық бойынша тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берген Атырау университеті басшылығына және халықаралық байланыстар бөліміне ризашылығымды білдіремін.

Айгүл СҰЛТАНГУБИЕВА,
көптілді білім беру факультетінің деканы



ЭЛЬДАНА АЛАР АСУ КӨП

Қаладағы Қаражігітов атындағы N16 мектеп-лицейінде оқыған Эльдана Ғұмарова да 2018 жылдан бастап облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа ауысады. «Кенгуру», «British Bulldog», «Золотое руно» байқауларынан көзге түскен Эльдана қай бағыттағы пәндерден де бірдей озықтығымен ерекшеленді. Мектеп олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауында ол әр жылдары химия, физика, математика пәндері бойынша қатысып, жүлдері орындарды иеленді. Ал 2019-2020 оқу орнында республикалық олимпиадада «Қазақстан тарихы», 2020-2021 жылы биология пәні бойынша бақ сынап, бірінші орын биігінен көрінді. 2021-2022 оқу жылында ол V республикалық «Ғылыми потенциал» ғылыми жобалар байқауында екінші орын алды. Әрине, бұл жан-жақты, талантты шәкірттің қол жеткізген жетістіктерінің бір парасы ғана. Оның нақты бір салаға қарай бейімделіп кетпей, түрлі бағыттарды қамтып және оның әрқайсысынан да табысқа қол жеткізіп отырғаны таңғалдырады.

«Қызымның сурет салатын да өнері бар. Оның оқуда озат болатын да жөні бар. Әкесі де, ағасы Эльдар да мектепте өте жақсы оқыған. Қызметте жүргендіктен балалардың сабағын қадағалайтын уақытын бола бермейді. Содан да Эльдана сабағына өзі дайындалады. Менің «мамасы елдің баласын оқытады, ал өз баласының оқу үлгерісі төмен» деген сөз естілмесін» деген бір ауыз сөзімді ол әрдайым есінде ұстап, намысқа тырысып келеді, – дейді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті экономика және құқық факультеті «қылмыстық құқық пәндері» кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Жанна Бекболқызы Шаяхметова.

Биылғы мектеп түлегі Эльдана – «үздік аттестатқа» үміткер. Болашақта әкесі сияқты бала дәрігері болуды армандайды.

Бұл отбасында шахмат ойнаған кезде барлығын сөзсіз ұтып кететін – биылғы мектеп түлегі, жақын күндері студенттік өмірді басынан өткеретін Дамир Бахитбек. «Әрине, оны ұта алмаймыз, біздің разрядымыз жоқ қой» деп күледі анасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., техника ғылымдарының кандидаты Райгүл Орынбасарқызы Тулеуова.

Алғаш рет Қаражігітов атындағы N16 мектеп-лицейінің табалдырығын аттаған Дамир 2017 жылы Ж.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық лицей оқушысы атанады.

Дамирдың есеп-қисапқа жетіктігі бала күнінен-ақ көзге түскен. Ол N15 «Балбөбек» балабақшасында жүріп, «Білім жолымен» атты өткізілген топтық олимпиадада «Ойлан, тап» номинациясы бойынша I орын, сол жылы сәуір айында Атырау қалалық білім бөлімі мектепалды даярлық топтар арасында өткізген «Білім жолымен» атты олимпиадада «Ойна да ойлан» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом иеленеді. Бұдан кейінгі дарынды жеткіншектің сәресі жүлделі номинацияларға, мақтау қағаздары мен алғыс хаттарға тола береді. Оның қомақты бөлігін математика пәні бойынша алған жүлделері мен шахматтағы жеңістері құрайды.

Атап айтқанда, 2008 жылы – республикалық олимпиаданың I кезеңінде математика пәнінен I орын; 2019 жылы оқушылар арасындағы

«Олимпсис-2019» облыстық олимпиадасында I орын; сол жылы республикалық олимпиаданың I кезеңінде математика пәнінен I орын; 2020 жылы С.Өтебаев атындағы мұнай және газ университеті өткізген пәндік олимпиадасында математикадан I орын; жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде математика секциясы бойынша I орын; 2021 жылы – жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде математика пәнінен II орын. Бұдан бөлек, Дамир Асхатұлы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына математика секциясы бойынша баяндамамен қатысты. Ал С.Өтебаев атындағы мұнай және газ университетіндегі білім сайысында топ жарып, бірінші болып келгені үшін оған сол оқу орнына грант берілген.

Жас математиктің тағы бір игерген қыры – менталды арифметика. Баланың ақыл-ойын дамытудың ерекше әдісі саналатын математикалық тәсілден Дамир алдына ешкімді оздырмай, талай рет топ жарды. 2016 жылы менталды арифметикадан Алматы қаласында өткен II республикалық олимпиаданы Гран-При алып, 2017 жылы менталды арифметикадан халықаралық олимпиадада I орын, 2018 жылы менталды арифметика бойынша Дубайда өткен дүниежүзілік олимпиадасынан II орын, «ISMA Kazakhstan» халықаралық менталды мектебінің толық курстарын өткен диплом, «Заңғар» жобасының аясында «Bolashak Engineering» компаниясы «Robotics Club» атты толық курсын



аяқталған үшін сертификат иеленді.

Ол – ата-анасы мен жақындарының мақтанышы ғана емес, көмекшісі мен қолқанаты деуге де болады. Үйдің тұңғышы болғаны жауапкершілікті жоғары сезінетін Дамир өзінен кейінгі бауырларына бас-көз болып, өзінің жас та болса табыс пен жетістікке толы өнегесі арқылы үлгі болып отырғанын білдік.

МӘДИНА ДЕГЕН БІР ҚЫЗ БАР, МАҢДАЙЫНДА ЖҰЛДЫЗ БАР

Атырау қаласы Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының 11 «е» сыныбын бітіріп жатқан Мәдина Қожабалуанды «сегіз қырлы, бір сырлы» десе болғандай. Ол – он саусағы майысқан биші, көрерменнің көңілінен шығып, әсерлі ойнай білетін актриса, мәнгерлеп оқитын диктор, кәсіпкерлікпен және қайырымдылықпен айналысып жүрген іскер өрен. Мүмкін, оның мұндай таланты, жайдары мінезі мен жан-жақтылығы анасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ASU Innovation жобалық кеңсесінің жетекшісі Шәрбат Бисалиевадан берілген болар.

– Менің ата-анам – менің мотиваторларым. Олар менің барлық қолға алған жобаларыма қолдай білдіріп, кейде ерініп не шаршап қалған кездерімде дем беріп, жігерлендіріп отырады. Қашан да алға жүріп, биіктерден көрініп жатсам – осы кісілердің арқасы. Әкем Ғалым Жолдасовқа моральдық жағынан үнемі қолдап отыратыны үшін алғыс айтамын. Ал анашымның мені көлігімен түрлі шараларға тасып, қызықтырып, күні бойы белсенділік танытып жүрсе де шаршап-шалдықпайтынына тәнтімін, – дейді Мәдина.

Дегенмен, Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының «актёр шеберлігі» бөлімін тәмамдап жатқан Мәдина бойындағы барлық өнерінің ішінен актерлік қабілетінен ерекше бағалап, жоғары қоятынын айтады. Бұл салада оның жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай: ұлттық деңгейдегі «Елбасы Медалі» бағдарламасының қола медаль иегері, жоба амбассадоры; республикалық «UMAY Voizhetken» жобасының жеңімпазы, республикалық «Жас өркен»/«Халық сүйіктісі» 2021 балалар премиясының «Жас дарын» номинациясының жеңімпазы, халықаралық, республикалық өнер фестивальдарының жеңімпазы, соның



ішінде, ол «актёр шеберлігі» номинациясы бойынша «Almaly.KZ» халықаралық өнер фестивалінен 2 орын (2018 жыл), «Best Stars» II халықаралық көпжанрлы өнер фестивалінен 1 орын (2019 жыл), «Таланты.Кз» байқауынан 1 орын (2019 жыл), «Mega Festival KZ» байқауынан 1 орын (2021 жыл) иеленген. Сондай-ақ, Мәдина Қожабалуан 2019–2020 жылдары Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында қойылған спектакльдерді түрлі рөлдерді ойнап, жас актриса ретінде танылды. Ал оның көркем сөз оқудан мен хореография саласы бойынша алған жүлделері – өз алдына бір төбе.

Өнерімен өрге жүзген Мәдина – оқуда да озат. 2016 жылы ол халықаралық менталды арифметика олимпиадасынан

1 орынды қанжығасына байлады. 2020 жылы орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша облыстық олимпиаданы, ал 2021 жылы осы пәннен республикалық олимпиаданы 2 орын иеленді.

Балаң мақтанышың болса – мәртебең. Мәдина 2019 жылдан бастап кәсіпкерлікпен айналыса бастады. Сөйтіп, «Read&Play» атты 6–12 жас аралығындағы балаларға арналған театралдық студиясын ашты. Онда әлеуметтік жағдайына байланысты екі бала тегін оқып жатыр. Биыл елдегі жоғары оқу орындарының бірінде география, туризм мамандығы бойынша білім алуды көздеп отырған Мәдина Ғалымқызының келешегінен күтеріміз көп.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Қуатова – редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1668 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана